

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуын жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту отырысының

## ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

17.03.2024 жыл.

Жиналыс төрағасы:-басшы орынбасары Г.А.Конысова

Хатшы: - аурухана заңгері Н.Жайсанбаев

Қатысқандар: - кәсіпорын қызметкерлері ;

### Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл туралы заңының 9-10 бабында - қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру;

- қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары;

Жиналысты ТО ДСБ «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» ШЖК МКК-ң басшы орынбасары м.а. С.Абдиев жиналысты ашып, мекеменің маманадар бөлім меңгерушісі Г.Садвакасоваға сөз кезегін берді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл туралы заңының 9-10-бабында Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру, қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары жайлы түсінік берді:

-қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру

1. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, ұстап беруге жатпайды.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін.

3. Ешкімді де шет мемлекетке, егер сол мемлекетте оған азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсету немесе жазалау қатері бар деп пайымдауға айтарлықтай негіздер болса, сондай-ак өлім жазасын қолдану қаупі

жағдайында, егер Қазақстан Республикасының шарттарында өзгеше көзделмесе, ұстап беруге болмайды.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР


қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары:

- Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.
- Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.
- Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет не болмаса әрекетсіздігі танылады.
- Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Жиналысты қорытындылаған кәсіпорын басшы орынбасарының м.а. С.Абдиев Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Заңын түсіндіріп, талқылап сөзін аяқтады.

**Жиналыс төрағасы**

**Жиналыс хатшысы**



**Г.А.Конысова**

**Н.Жайсанбаев**